

Филологиялық ғылымдар



Филологические науки



Philological sciences

FTAMP 17.01.45

Е.Б. Әбдімомынов (orcid-0000-0002-9534-4281)

Аға оқытушы, филология ғылымдарының магистрі
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
Электрондық пошта: edil889@mail.ru

Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация. Мақалада қазақ әдебиетінің классигі Ғ. Мүсіреповтің шығармаларын оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Жат қолында» роман-дилогиясы секілді автордың үздік шығармаларын зерделей отырып білім философиясы, психология және педагогика ғылымдарының ұстанымдары мен қағидалары негізінде жан-жақты қарастырылады. Қазіргі қазақ әдебиетінде Ғ. Мүсірепов шығармаларын оқытудың мәні мен маңызы жаңаша көзқараста сараланып, жинақтау, салыстыру, талдау, әдіснамалық тұғырларын айқындау, ой қорыту әдістері арқылы тұжырымдалады. Мақалада айтылған орамды ойлар мен пікірлер, ұсынылған тұжырымдар, айқындалған педагогикалық тұғырлар Ғ. Мүсірепов шығармаларын заманға сай интерпретациялап оқытудың маңыздылығын арттыра түсуге жол ашады. Мақалада ұсынылған негізгі қорытынды тұжырымдар мен нәтижелерді жоғары оқу орындарында Ғ. Мүсірепов шығармашылығын оқытып, әдеби-әдістемелік білім беретін барлық пәндерде қолдануда практикалық құндылығы зор. Сондықтан, Ғ. Мүсіреповтің прозалық туындыларын оқытудың маңыздылығы теориялық, әдіснамалық тұрғыда тыңғылықты сараланып, автор шығармаларын оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері жаңаша көзқараста айқындалады.

Тірек сөздер: Ғ. Мүсірепов, шығарма, оқыту, әдіснама, білім философиясы, роман.

Кіріспе. Классик жазушы Ғ. Мүсіреповтің шығармаларын оқытудың мәні мен маңызы қашанда айрықша екендігі мәлім. Қазіргі таңда әлемдегі әрбір ел өздерінің ұлттық болмысын, рухани құндылықтарын жаһандандудың қатерінен сақтау мақсатында өз тарихындағы ұлы тұлғаларының рухани мұраларын заманға сай интерпретациялап оқытуға мықтап кірісуде. Біздің тәуелсіз еліміз де әлемдік өркениеттің бір бөлігі ретінде оқу үрдісінде болып жатқан мұндай жаңашылдықтан шет қалмақ емес. Еліміздің білім, ғылым саласында осы уақытқа дейін жүргізіліп жатқан ауқымды реформалардың да көздеген бірден-бір мақсаты – жас ұрпақтың рухани дүниетанымын дамыту, ұлттық құндылықтарды тереңінен танып-білу, оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды ендіріп, оларды кеңінен қолдану арқылы мәдени, әдеби мұраларымызды оқыту болып табылады. Мұның ғылым мен білім саласын заманға сай дамытуға да өз ықпалын тигізетіндігі сөзсіз.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіби мамандарды дайындау бағытында қойылып отырған жаңаша талаптар мен түрлі ғылым салаларының интеграциялануы арқылы пайда болған жаңаша көзқарастар, білім берудің мазмұндық, бағдарламалық деңгейдегі өзгерістері Ғ. Мүсіреповтің шығармаларын заманға сай қайта ой елегінен өткізіп, жаңаша көзқараста зерделеп, оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін қалыптастыруды қажет етіп отыр. Ол үшін алдымен автордың шығармаларын оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқын алуымыз қажет. Мұның өзі қазіргі әдебиеттану

ғылымы мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде тыңғылықты қарастыруды қажет ететін өзекті мәселенің бірі деп білеміз.

Білім беру ісі жетіліп, ғылым дамыған сайын түрлі ғылым салаларының өзара ықпалдасуынан жаңа сала туып отыратындығы анық. Жаңадан пайда болған мұндай салалар қазіргі таңда білім беру үрдісінің негізгі функциясын атқаруда. Солардың арасында ең кең тараған, әрі маңызды рөл атқарып келе жатқан жаңа сала ол философия мен педагогиканың өзара сабақтасуынан, интеграциялануынан пайда болған «Білім философиясы» саласы болып табылады [1].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылымдар жүйесінде жеке сала болып қалыптасқан бұл білім беру саласы қазіргі таңда қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша жүргізіліп жатқан барлық іргелі, және фундаментальды бағытта кеңінен қолданылуда. Алайда «Білім философиясы» жайлы бүгінгі күнге дейінгі ғалымдардың ой-пікірлері бір жақты деп айтуымызға да болмайды. Себебі, зерттеуші-ғалымдардың бір қатары бұл ғылым саласын жеке сала деп мойындағанымен, кейбір зерттеушілер оған қарама-қайшы пікір білдіруде, ал тағы бір зерттеушілердің тобы оны педагогика мен философияның тоғысында қалыптасқан қолданбалы ғылым саласы ретінде қарастырғанымыз орынды. Дегенмен, бұл салада түрлі көзқарастарды тыңғылықты саралай келгенде, оны ғылымдар жүйесінде концептуалды түрде болып тұратын қалыпты жағдай деп қарағанымыз жөн деп білеміз. Себебі, кез келген ғылым саласының генезисін саралап қатарастырсақ, олардың тарихи тамыры ежелгі дәурдегі Рим мен Грецияда алғаш рет жоғарғы тап өкілдері оқыған риторика мен философия деген пәндерге барып тірелетіндігін аңғарамыз. Сол заманда философия пәндерінің аясына қазіргі уақытта біз оқып, оқытып жүрген бірнеше пәндердің ең алғашқы бастамалары тоғыстырылған. Бүгінгі таңда елімізде берілетін ғылыми дәрежелердің де «философия докторы» деп аталып жүргендігінде де сол алғашқы ғылым салаларының біртұтастығы ескерілсе керек [2]. Осыған орай, қазіргі таңдағы ғылым салаларының бір-бірімен интеграциясы одан әрі тығыз қатынасқа түсуде. Мұндай байланыстар әр ғылым саласында заман сұранысына байланысты интерпретацияланып қолданылып жүрген тұстарында нақты көрініс беруде. Мәселен, бүгінгі философия ғылымының құрамдас, салалас бағыттары қоғам сұранысына сай жаңаша сипатта көрінуде. Ол оқыту мен білім беру саласын да айналып өтпеді. Осы тұрғыдан қарағанда философия мен педагогиканың негізінде пайда болған «білім философиясы» барлық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдармен тығыз интеграцияға түсуде.

Түйіндеп айтқанда, «Білім философиясы» білім берудің барлық сатылық деңгейіндегі құндылықтарын, функцияларын, нәтижелерін, жүйесін, нысандарын, тұғырларын, әдіснамалық негіздерін және т.б. маңызды қырларын тыңғылықты қарастыратын ғылым саласы. Сондықтан, оны барлық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарында кеңінен пайдалануға болады. Осы тұрғыдан келгенде, Ғ. Мүсіреповтің шығармаларын оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындау үшін оны философиялық білім мен педагогиканың тоғысында, яғни «Білім философиясы» негізінде қарастыруымыздың қажеттілігі туындайды. Оның үстіне Ғ. Мүсірепов өзінің шығармаларына халқымыздың қоғамдық-әлеуметтік, философиялық, психологиялық, экономикалық, гуманистік коллизиясын негізгі нысанаға ала отырып рухани мұраларын эволюциялық жолмен дамытып отырған. Оның аса бай рухани

мұралары мен шығармалары өзі өмір сүрген ортаның ірі идеологтары мен ойшылдарының, қалам қайраткерлерінің санасына түрлі психологиялық қайшылықтарды суреттеп, эстетикалық талғамның жоғары деңгейін көрсетіп, философиялық ой-пікірлерінің тереңдігін танытумен дараланды. Осылайша туған халқының ой-санасына айтулы өзгерістер алып келді. Сондықтан, қазіргі таңда классик жазушының шығармаларын философиялық таным тұрғысынан жаңаша әдіснамалық талдаулар жасап, тың әдіс-тәсілдер арқылы танып-білудің мәні мен маңызы зор.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Ғ. Мүсірепов шығармаларының ерекшеліктерінің кейбір қырына назар салсақ, олар – суреттеудің бейнелілігі мен нақтылығы, сөздің талғампаздықпен сараланып қолданылуы, мүлтіксіз қырағылық, мінсіз шеберлік дер едік. Оның кейіпкерлерінің жан-дүниесі, іс-әрекеттері, ой-толғаныстары өмірдің өзіндей нанымды, олардың қимыл-әрекеттерінде ешқандай жасандылық жоқ, тек табиғилық пен талғампаздықты анық көреміз. Қаламгер кейіпкерлерінің әрқайсысының сөйлеу тілінің ерекшелігін олардың мінез-құлқына қарай бейімдеп, көбінесе нәзік юморды асқан шеберлікпен жиі қолданып отырады. Ғ. Мүсіреповтің сөз зергері ретіндегі шеберлігі оның халықтың тарихи, қоғамдық-саяси және мәдени өмірінің өзекті мәселелеріне терең бойлай білетін сезімталдығынан, әрбір сөзге терең мән бере қарайтын тиянақтылығынан көрінеді. Оның әрбір туындыларындағы кейіпкерлер тағдырының оқырманды бей-жай қалдырмай, толғандырып, солармен бірге қуанып, бірге мұңаюға мәжбүр ететін себебі осында деп білеміз. Жазушы шығармашылығының зор тәрбиелік, эстетикалық және идеялық-көркемдік маңыздылығы да осы бағытта анық көрінеді. Халықтың ұлттық психологиясын баяндай алған, әр жеке адамды өзіндік характерімен бере білген қаламгер мол мұрасының сырына қаныға отырып, одан үлгі алу – біздің міндетіміз.

Бұл орайда автордың «Қазақ солдатты» романының да алар орны ерекше. Өйткені бұл романның композициялық құрылысы аса жоғары деңгейдегі шеберлікпен жазылуымен қатар терең психологизмнің көрінісін бейнелеумен, суреттеумен өзіндік ерекшелік сипатын танытады. Қарапайым қазақ ауылында өсіп, қалаға келіп, одан әрі сұрапыл соғысқа аттанған басты кейіпкер Қайроштың бойындағы батылдық өршіл рухтың пайда болуы, жетілуі, азаматтық бейнесінің қалыптасуы, адамдармен тығыз қатынасқа түсіп, оларды танып-білуі психологиялық параллелизммен тығыз сабақтастықта баяндалып отырады. Романда жазушы талантын айрықша көрсеткен адам бойындағы жеке қасиеттер мен мінездің, іс-әрекетінің табиғатты жүйелілікпен, үйлесімділікпен суреттеуінде де өзіндік психологиялық сипат бар. Автордың табиғат құбылыстарының адамға тигізетін әсерін дәл сол қалпында беру үшін қолданылған әдістері де сәтті шыққан. Ал, Қайрош пен Ақботаның ара қатынасы, бірін-бірінің құлағынан тартып, кейде жұдырықтап ойнауы оқырманның езуіне еріксіз күлкі ұялатса, есейіп ер жеткен кездегі Қайроштың сүйіспеншілік сезімі оянып Ақботаны біреу алып кетеді ме деген бойында қорқыныштың ұялауы барлығы да адам жанының ішкі сезім иірімдерімен сабақтаса суреттелген. Шығарма кейіпкерлерінің диалогтері де қарапайым, жеңіл, ұғынықты тілмен баяндалған. Мәселен ағайынды Бораш пен Шегенді алғаш рет кездестіргенде «Өй, өзінді қасқыр талаған ба?» деп басталған әңгіменің аяғы тығыз таныстыққа ұласып, кейін шынайы достық қатыныстарға жалғасқан.

Романның басты кейіпкері Қайрош соғысқа аттанғаннан кейін бойындағы барлық қорқыныш, сенімсіздік сезімдерін жігерлікпен жеңуі,

жауынгерлік рухының асқақтауы туған жерге, елге деген сағынышы мен Отанға деген махаббатының нәтижесі екендігі ерекше суреттелген. Бұл оқырмандар мен жастардың бойына туған жерге, елге, Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік ұялататындығы анық. Отанға деген құрмет пен туған елге деген сүйіспеншілікті, патриоттық сезімді орнатуда ерекше маңызды рөл атқаратын бұл роман бірнеше шет елдердің тілдеріне аударылып, мыңдаған тиражбен таратылған. Романда автор Қайроштың қайсарлығы мен табандылығын, мінез-құлқындағы жігерлілігін, образды түрде шебер баяндап, көркем суреттеген. Сөз зергері Ғ. Мүсірепов «Қазақ солдаты» романында кейіпкерлердің характері мен психологиясын суреттеуде тарих сахнасынан шалғайға шығып, барлық жауынгерлер бірлесе отырып иық тірестіріп: «Жаудың бірлігі – күште, біздің күшіміз – бірлікте» - деп, бірліктің басым күшке ие екендігін сенімді түрде суреттеген. Самед Абдуллаев, Гришин, Зонин, Володя Толстов секілді түрлі ұлттың өкілдерінен құралған Кеңес әскерінің интернационалдық сезім күйлері бірлікті ту етулерімен, сол арқылы жеңіске жетуге деген жігерлікке жеткендігі ерекше әсермен баяндалаған. Өзге ұлттан құралған әскердің бойындағы психологиялық ерекшеліктер, мінез-құлықтар, іс-әрекеттер сырлары, барлығы да Қайроштың образы арқылы тығыз байланыстырыла отырып ашылған. Сондықтан, «Қазақ солдаты» романын студенттерге оқыту арқылы олардың бойындағы Отанға, жерге, елге деген құрмет сезімдерін оятып, адамгершілік қасиеттерін дамытып, бірлік пен толеранттылықты бағалай білуге, патриоттық сезімдерін нығайта түсуге зор мүмкіндіктер туады деген ойдамыз.

Ал, автордың «Оянған өлке» романында Қарағанды кенінде жұмыс істеп, күнкөріс қамымен жүрген қарапайым халық өкілдерінің алпауыттарымен күресі де оқиға шынайылығын арттыра түскен. Шығармадағы тартыс күрделілігі де тұтас тарихи кезеңнің шындығын бейнелеуге құрылған.

«Көркем шығарма бармақ соғып тудыратын дүние емес. Өмірді ыждаһаттап, зерттеп барып, көрген-түйгенінді көкіректе қорыту арқылы дүниеге келеді. Осы орайда өзге емес, өз басымнан кешкенді айтсам деймін.

«Оянған өлкені» жазарда бір жарым жыл сол тақырыппен айналақтап, бес-алты ай Қарағандыда отырдым да, ескі тарихи құралдардың экспонаты мен жаңадан кірген құралдардың маркасын білу өте қажет болды. Қарағанды, Спасск, Нұра деген жерлерді түгел аралауға тура келді. Мысты қалай қазды, қалай ұнтады, соны біліп алмасаң, қаламың жүрмейді екен. Осының бәрінен ұғынған бір нәрсем – мұны жұртшылықтың бәріне айтқым келеді» [3], – деп Ғ. Мүсіреповтің өзі сыр ақтарғанындай, мұндай көрнекті шығарма жазу барысында әр деталь, әр штрих, әр сөз, әр бейне өз орнын тауып, белгілі бір мақсатты орындап, біртұтас жымдасқан туынды әкелуде қызмет етуге тиіс еді.

«Біз бүгін жақсы деген қазақ прозасының өміріміздің әлеуметтік және этикалық мәселелерге бойлап ене бастағанының куәсі ғана болып қоймаймыз, сонымен қатар, өмірлік фактілердің, қарама-қайшылық қарекеттердің мән-мазмұнын ашып, әр алуан мінездерге психологиялық терең талдау жасай аларлықтай биіктерге көтере алғанын көреміз. Мұндай шеберлік биігіндегі роман-повестер ішіндегі соңғы жылдардағы көркем прозадан Ғ. Мүсіреповтің еңбегін айрықша атап өткен орынды.

Жазушы әрбір шығармасында психологиялық мінез жасаудың аса шебері екенін, қаһарманның жеке басының толғанысын барынша терең, қуатты сезімдермен бере алатын суреткер екендігін дәлелдеумен келді», –

деген М. Қаратаев пен Ш. Сариев пікірлері Ғ. Мүсірепов шеберлігінің тағы бір қырын танытқандай әсер етеді.

Романның өне бойында суреттеліп сөз болатын қазақ халқының саяси өміріне, тұрмыс салтына, қарап өмір сүріп жатқан Ресей империясының заңдары мен патриархалдық-рулық тәртіптерге жаңа заманның жасаған ықпалы әрі реалистік қалыпта, әрі көркем түрде суреттеу талабына сай өрілген. Осындай жан-жақты талаптарға жауап беретін халықтық туындыны дүниеге әкелу – нағыз сөз зергерінің ғана тәжірибесімен шеберлігінен туындайтын іс екені белгілі. Сондықтан, «Оянған өлкені» жазу барысындағы қаламгердің талай ізденіс, жетістік, талпыныс сәттеріне куә боламыз.

Жазушылықтың ермек емес, ерен де қажырлы ізденімпаздық, тәжірибеден, қызығушылық пен шеберлік сияқты күрделі белгілерден тұратын кезеңді еңбек екендігін түсінеміз. «Шығарма деген белгілі оқиғалардың тізбегі емес. Шығарма жазушы жүрегінде, ойында қайнап-пісіп, кітап оқушылары зейін қоюға тұратын жігер-қайрат, адам қоғамның өсе беруіне, еселей беруіне үн қоса алатын жанды сөз» [4], – деп ойын жалғастырып, көркем әдебиет жайлы бағалы пікірлері күніміздегі әдебиетке, зерттеуші-ғалымдар еңбектеріне негіз болатыны сенімімізді нығайта түседі.

«Оянған өлке» – әрі көркем, әрі шебер жазылып, қаламгердің терең пікір-толғаулары, публицистикалық ерекшеліктерінің негізінде көптеген маңызды мәселелер жайында үлкен ой қозғап, қоғамның беймәлім сырларын ашуға көмек жасайды, белгісіз жақтарын түсінуде бағыт береді.

«Романның көп адамдары аяғына таман келгенде мүлде өзгеріп кетуі керек. Салқын қанды – ыстық қандыға, сараң – мырзаға, қаталадам – жұмсаққа, жұғымсыз адам жұғымдыға /тағы-тығы/ айналсын» [5] – деп Ғ. Мүсіреповтің өзі көрсеткендей, роман кейіпкерлерінің тағдыры қым-қуыт оқиғаларға, қызу тіршілікке толы болып, өмір заңдылықтары олардың тұрмыс-тіршілігіне де өз таңбасын салатындығына меңзеп тұрғандай.

Жазушы мен тақырып арасындағы күрделі жолдардың жататындығын, осы ретте әр жазушы жазар тақырыбына өзінше әдіспен келмегін қаламгер айта отырып, қалай болғанда да, барлық суреттерге ұсынатын ортақ амал-тәсілдің болуы мүмкін еместігіне де назар аударады. Осы ретте әр жазушының өмірлік көзқарасы, тәжірибесі, шеберлігі де есепке алынатынын ескереді.

«Болашақ шығарманың сүйегі көп арналардан жиналады. Әртүрлі кітаптар, материалдар қарайсың. Арнайы көріп, аралап, зерттейтін кездерінде болады. Олардың бәрі әсер берері, ассоциация тудырады хақ, бірақ мыңнан бірі де шығармаға енбей қалуы мүмкін. Жеке сөйлем, дайын абзац дегендер менде болмайды. Ондай жиған-терген баста, жүректе жүруге тиіс. Әйтпесе қолбайлау, бөгесін. Қойын дәптерден көшіріп отырып, көркем туынды жасаймын деу бекершілікшығар. Шығарма деген кейде бір жылда, кейде он жылда қаламгер жүрегінде пісіп шығады. Ішкі ағыстар әбден күшейген кезде қағазға түспек. Менде шығарманы машинкаға бірден басу, яки стенографисткаға айтып шығару деген әдеттер жоқ. Әрине, ондай тәсілдерді қолданған жазушылар бар екенін білемін. Өз тәжірибемде ол машықтар жоқ. Қарындашпен неге жазам? Өшіргіш неге керек? Баз біреулер шығарманы әр жерінен оңтай келген тұстан жаза береді. Мен олай істей алмаймын. Шығарма басынан аяғына дейін жазылып шығады. Және бір сөйлем жазсам да таза болсын деймін. Сызып тастай алмаймын. Көңілде дақ қалады. Сондықтан, ұнамаған нарсені өшіріп, қайта жазамын. Мүсірепов шығармаларының болашақ зерттеушілері сөйлем варианттарын іздеп таба

алмас. Қолжазбаларымда қандай азап шеккенімді өзім ғана білемін. Түптеп келгенде, оқырман үшін керегі – шығарма. Қай шимайдың тарихын қуа беруге болады? Шимайлар өшіргіш табанында кетсін, сол дұрыс» [6], – деп Ғ. Мүсіреповтің әдеби зерттеушісі Р. Нұрғалимен шығармаларының туу процесі туралы ой бөліскенінен байқағанымыздай, қаламгердің шығарма жазу кезінде өз ерекшелігі, өз машығы болған. Әр сөз, әр сөйлемін жазуда өз басына қатаң талап қоя білген. Бұл – құдіретті сөз зергерінен жас буын әдебиетшілердің шын мәнінде үлгі алар жағы болса, екіншіден, қаламгер туындыларының көптеген нұсқаларының жоқтығы зерттеулерге қиындық туғызатыны да даусыз.

Қарағанды турасында көптеген шындық деректер мен шежірелерде аталған, тарихта болған адамдардың есімдерін роман бойынан да кездестіреміз. Бірақ Ғ. Мүсірепов тарихи деректерді емін-еркін, өз қалауынша орынды пайдаланады. Автор хронологиялық тізбекті қолданбау нәтижесінде біршама композициялық тиімділік тапқан, тарихи уақытты біраз қысқартып, өзгерістер енгізген. Бұл жағдай туындының көркемдік, идеялық тұрғысына еш нұқсан келтірмеген, керісінше, қаламгердің фактіні өзінше қолдана білген ерекшелігін көрсетеді.

Ғ. Мүсіреповтің шығармаларын тереңінен қарастырсақ, кейіпкерлер бейнесін, характерін жасаудағы көркемдік шеберлігі олардың жан дүниесіне тереңінен үңілудегі даралығы ерекше назар аудартады. Әсіресе, кейіпкерлердің бойындағы психологизмді суреттеуі айрықша реңк береді. Мәселен, қазақ әдебиетінде табиғат пен адам тағдырын, психологиясын ұштастыра, параллелді түрде суреттеу тәсілін қолданған Ж. Аймауытов пен Ғ. Мүсірепов сияқты қаламгерлер шығармашылығынан жазушы зертханасының небір сырына қанық боламыз.

Жазушының осы шығармасын саралап, салмақтағанда оның Қарағанды тақырыбына аса мұқият қарап, терең зерттеп, өмірлік деректерді роман бойында қаламгерлік шеберлік нәтижесінде орынды қолдана білгенін көреміз. Болған оқиғаны тек қана тізбектеп жазу емес, сол жағдайға байланысты өз көзқарасын кейіпкерлер тағдырын, ішкі жан дүниесін, яғни психологиясын суреттеу арқылы ойдағыдай бере білу, кейіпкердің аузына дұрыс сөз салу, қоғамдық жағдайға объективті баға беру шеберлігі де ұштасқан. Яғни, «Оянған өлке» сияқты кең қарымды роман тудыру Ғ. Мүсіреповтің өмір тәжірибесіне, көзқарасына, шеберлігі мен көркемдік талғамына, аңғарым, байқағыштығына байланысты жайлар болса керек: «Жазушы қайсібір тақырыпқа қайсібір күрделі жолмен бармасын, сайып келгенде, шығарма сәттілігі - сол тақырыпты терең зерттеп білуде. Оның әлеуметтік мәні зор құбылыстарын екшеп талғап ала білуде. Талас туғызбас бір шындық бар: қандай бір данышпан жазушы болмасын, өзіне жат тақырыпты меңгере алмайды, өзіне таныс емес өмір жайлы жақсы кітап жазып бере алмайды.

Шолохов жолдас қағидаға айналдырмақ болғанындай, мен бұл тақырыпқа (Қазақстанда жұмысшы табының пайда болуы) 15-20 жылымды арнағым келмейді. Оның үстіне, қолымда бар біраз материалға сүйеніп, Алматы мен дачада отырып-ақ жазып шығуға да болар еді. Ол оқушылардың белгілі бір тобын қанағаттандырар дәрежеде шығып қалуы да мүмкін. Бірақ бұл кітаптар Қарағанды өмірінің кең тынысынан шалғай жатқан шығармалар болып табылар еді. Осы ортаның өзіне барып күнделікті шахтер өміріне белсене араласу жазылар кітаптың сөзсіз құнын көтермек. Осы жайларды ескеріп, ендігі жазылар екі кітапқа арнаған жылдарды Қарағандыға көшіп

барып, шахтерлер арасында өткізгім келеді» [7]. Өз оқырмандарымен «Қазақ әдебиеті» газетінің кезекті санында ойларымен, жоспарымен бөліскен Ғ. Мүсірепов пікірінен жазушылықтың қыр-сырына қанығу үшін, көпшіліктің қабылдайтын шығармасына апарар жол-тақырыпты жан-жақты ашу мәселесіне назар аударғаны байқалады.

Тарихшы В.Ф. Шахматовтың 1946 жылы жазылған «Из истории образования казахского пролетариата» мақаласына назар аударсақ, жұмысшылардың жағдайы адам айтқысыз ауыр болғанын, күні-түні жан аямай істеген еңбектері үшін дұрыс ақы алмақ түгілі, керісінше, қожайынға қарызға батқанын көреміз, жазықсыздан таяқ жегендері де көп болған: «Кендегі қазақ жұмыскерлерінің тұрмыс жағдайы мен еңбегі өте ауыр. Қазақтар қысы-жазы қамыс үйлерде тұрады, жартылай аш, таңның атысы-күннің батысы белшеден су алып кеткен забойларда істеп, еңбектері еш кетуде.

Кен өндірудің күндік нормасы шектен тыс жоғары еді. Бұл норманы орындамағандары үшін еңбеккерлерге крепостнойларға сияқты бұғау салып жазалап, забойға жіберетін» [8] - *(аударылып берілді-Ж.Қ.)*.

Шығармадағы қоғам өміріндегі қақтығыс-шиеленістер әбден нанымды, табиғи түрде алынып дамыған. Адамдар қарым-қатынасы, достық-дұшпандық, байлық-кедейлік мәселелері, алуан бейнелер қатары өмірлік оқиғалар негізінде көрінеді. Автор кейіпкер бейнесі мен психологиясындағы даралығын шебер, ұтымды бере білген, әртүрлі оқиғалар барысында кейіпкер мінезін жан-жақты аша алған. Яғни, «Оянған өлкедегі» көптеген бейнелер өмірден ойып алынған, әрі даралыққа жеткен әсерлі, шыншыл тұлғалар болып шыққан.

Аталмыш роман-дилогияның екінші кітабы – «Жат қолында» – романы арада отыз жылдан аса уақыт өткен соң, 1984 жылы шығып, оқырмандар қолына тиді. Көп жылға созылған тынымсыз еңбек баянды аяқталып, қазақ кеңес әдебиетінің қазынасына тағы да бір роман-эпопея келіп қосылды. «Оянған өлкенің» жалғасы ретінде ондағы оқиғалар ілгері дамыған. Сонымен бірге, жаңа дәуірдің жаңа адамдарын, қазақ қоғамының нағыз оянған кезін - екі ғасыр аралығы мен XX ғасырдың бас кезін қамтыған дербес туындыдай.

Автор өзі айтқандай, «Өз» қанаушың мен өзге қанаушының», жат елдік алыпсатарлардың айла-әрекеттері көз алдыңызға келеді: «Байырғы көшпелі жерлестерімнің тіпті сонау патша тұсында-ақ жаңа өмірді аңсап іздегенін, болашақ Қарағандының жез бен кен орындарында жұмысшы болғандарын жазғанмын. Олардың тауқыметі мол тағдырларын «Оянған өлке» романында айттым. Қазір осы дилогияның екінші кітабын жазып жатырмын. Мені халқымыздың сарқылмас күш-қуаты құмарттырады. Екінші кітапты әзірше «Жатқолында» деп атап отырмын. Бұл кітапта не айтылады? Туған жерімнің байлығын революцияға дейінгі кезде шет ел капиталистерінің қомағайлықпен ысырап еткені, талан-таражға салғаны айтылады.

Романның кейіпкерлері - Қазақстанның еңсе көтере бастаған жұмысшы табының өкілдері, революциялық рухы мол жұмысшылар, инженерлер. Мен революцияға дейінгі Қазақстанның әлеуметтік өмірінің өзегін неғұрлым айқын ашып көрсетуді мақсат етіп отырмын.

– О бастан бір дағдым бар: түні бойы жазамын да, таң ата дем алуға кірісемін. Көп жазып жүрмін. Алайда әлі айтылмаған, жазылмаған жәйт қаншама!» [9], – деген Ғ. Мүсірепов мақаласынан «Жат қолында» апарар жолдың алғашқы белгілерін көреміз. Жазушының ұзақ жылдар бойы жинақтаған өмірлік деректері мен жазушылық талантының шындалуы алып

туынды роман-дилогияны жазумен қорытындыланды. Қос романды қатар қойып қарастырғанда жазушының шеберлігі кейіпкерлердің жан дүниесіне, ішкі сезім иірімдеріне тереңінен үңілуі мен оларды барынша шынайы етіп суреттеуі кімді де болса таң қалдырары сөзсіз. Адам жанының психологиясына мұншалықты тереңдей білуді жазушы өзіне ұстаз тұтқан Ж. Аймауытовтан меңгерген болса керек. Бұл ойымызды жоғарыда атап өткен деректеріміз қуаттай түседі деген ойдамыз.

Сонымен қатар, мақаланы жазу барысында қазіргі қазақ әдебиетінде Ғ. Мүсіреповтің шығармаларын оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындауда жинақтау, саралау, көркем шығарманы талдау, салыстыру, әдіснамалық тұғырларын айқындау, ой қорыту, нәтижеге бағытталған білім мазмұнын айқындау әдістерін қажетімізге қарай пайдаландық.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» және «Жат қолында» роман-дилогиясын оқытуды психологиялық көзқараста саралап қарастырсақ, оның қазіргі тәуелсіз еліміздің жастарын еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке, туған елін құрметтеуге тәрбиелеуге зор ықпал ететіндігін аңғарамыз.

Жалпы, қазіргі таңда еліміздің жоғары оқу орындарында білім алып жүрген студент жастардың психологиясының концептуалдық жүйесін жан-жақты қарастырып, ғылыми-таным тұрғысында саралап жазылып жатқан еңбектер жоқтың қасы. Сондықтан, бұл бағытта әр зерттеуші өзіндік жол тауып, тың тәсілдер қолдануға мәжбүр. Оның үстіне, студент жастардың психологиясы жан-жақты қарастыруды қажет ететін күрделі мәселеге жатады. Оған оқу үрдісіндегі жаңашылдықтар, білім беру жүйесіндегі реформалар, жаңа технологиялар мен білім беру парадигмаларының енуі, бағалау форматының өзгерісі және т.б. көптеген факторлар ықпал етеді. Осы тұрғыдан қарағанда, «Білім философиясының» қарастыратын мәселелері студент жастардың психологиясына тікелей ықпал етеді.

Психологиялық зерттеулерге сүйенсек студенттік шақ 18-25 жас аралығындағы жоғары оқу орындарында білім алатын, ұйымдасқан арнайы әлеуметтік топ. Олардың қоғамның басқа әлеуметтік топтарына қарағанда танымдық, ізденгіштік, ұжымдық, топтық қабілеттері мен мәдени, әдеби, рухани мұраларды пайдалану мен жалпы білімді игеру жолындағы іс-әрекеттері белсенді болуымен ерекшеленеді. Әлеуметтік психология тұрғысынан қарағанда студенттік шақ адам баласының нағыз кемелдену, интеллектуалды даму, рухани толысу шағының бастапқы кезеңі болып табылады. Қалай десек те, студенттік шақ адам өміріндегі мәні мен маңызы айрықша кезең. Студенттердің психологиясын ғылыми-таным тұрғысынан Б.Г. Ананьев, Ю.Н. Кулюткин, В.Н. Кузьмина, А.А. Рена және т.б. зерттеуші ғалымдар кеңінен қарастырған [10]. Студенттердің психологиялық ерекшеліктерін зерттеп-зерделеудің тарихи генезисі XI-XII ғасырлардан, яғни алғашқы жоғары оқу орындарының пайда болған кезеңінен басталады. Сол кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін бұл мәселе психология ғылымы үшін өз өзектілігін жойған емес. Студенттік шақта адам баласының жан-жақты жеке тұлға болып қалыптасатындығы, осы саланы зерттеуге бағытталған барлық еңбектерде сөз етілген. Бұл салада жүргізілген ауқымды әрі терең зерттеу еңбектерінің нәтижелеріне сүйенсек, студенттердің психологиялық қабілеттерінің дамуы, психикасындағы өзгерістер, белсенді іс-әрекеттері, оларды педагогикалық үрдіспен тығыз қатынаста болатындығын көрсетті. Демек, студенттің психологиясы тұтас педагогикалық үрдіспен әр уақытта сабақтастықта болып, жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамыту жолында

өзінің негізгі функциясын атқарады. Ал педагогикалық үрдіс оқу, оқыту, білім беру, меңгеру, дағдылану және т.б. дидактикалық ұстанымдардан тұратындығы белгілі. Сондықтан, студенттердің білім алуы мен оқуында, танымдық, психологиялық қабілеттерінің дамуында педагогикалық ұстанымдар мен қолданылатын оқу материалдары ерекше орын алып, олардың ой-санасына тікелей ықпал етеді. Классик жазушы Ғ. Мүсіреповтің шығармаларын студенттерге тереңінен оқытудың да студенттердің психологиясына үлкен әсерін тигізері сөзсіз.

Ғ. Мүсіреповтің шығармаларында адамдарды еңбек етуге шақыру, туған елін, жерін сүйіп құрметтеу, ананы сыйлау, жаңашылдыққа, батырлыққа құштар болу, ұжымдық психологиялық ахуалдың маңыздылығы, өткір гуманизм, адамгершілік, терең философия және т.б. маңызды мәселелер барынша жүйеленіп, қоюланып, нақтыланып берілген. Бұл орайда, автордың «Оянған өлке», «Жат қолында», «Қазақ солдаты» секілді көлемді прозалық туындыларының алар орны мен атқаратын қызметі айрықша маңызды. Оларды бүгінгі кемеліне келген психология ғылымының қол жеткізген жетістіктеріне сүйене отырып танып-біліп, жастарымызға тереңдете оқытсақ жоғары нәтижелерге қол жеткізетіндігіміз анық. Мұндай маңызды жұмысты іске асыруға біртұтас педагогикалық үрдісті шебер қолданудың аясында ғана іске асыруға мүмкіндік туатындығы белгілі. Сондықтан, автордың шығармаларын оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындаудың қорытынды нәтижелерін педагогика ғылымының қағидалары мен ұстанымдарына, зерттеу әдістері мен тәсілдеріне сүйене отырып тұжырымдағанымыз орынды болмақ.

Қорытынды. Педагогика ғылымы тәрбиелеу, оқыту, білім беру, дамыту, педагогикалық үрдіс секілді маңызды категорияларды зерттеп-зерделеумен қатар оларды қолданудың жолдарын да тыңғылықты қарастырады. Оның ғылым ретінде қалыптасып дамуы мен жетілуінің алғашқы іргетасы басқа да ғылым салалары секілді теория мен әдіснаманың деңгейімен айқындалады. Әдіснама дегеніміз грек тілінен аударғанда «әдістер туралы ғылым» дегенді білдіреді. Бірақ, әдіснама туралы зерттеуші-ғалымдардың пікірлері де әр алуан болып келеді. Оны арнайы түрде кең көлемде ғылыми тұрғыда қарастырған шетелдік ғалымдар М.А. Данилов, В.И. Загвязинский, В.В. Краевский және т.б. болса, отандық ғалымдардан Ш. Таубаева, С. Иманбаева, Б. Тұрғынбаева және т.б. ерекше атап өтуге болады. «Әдіснама дегеніміз – ғылымды тану жолы» [11] – дейді отандық көрнекті ғалым Б.А. Тұрғынбаева. Демек, кез келген ғылым саласын жете танып-білу үшін алдымен оның әдіснамасымен танысу қажет. Бұл ғылыми-әдістемелік мақалаларға да тікелей қатысты. Себебі, кез келген ғылыми-зерттеу жұмысы белгілі бір ғылым саласының аясында, соның негізгі қағидалары мен ұстанымдарына арқа сүйеп барып қана жүргізіледі. Ал, әдіснама барлық ғылым салаларының теориялық зерттеу деңгейін анықтауға бағытталады. Сондықтан, барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарында теория мен әдіс, әдіснама өзара тығыз қатыныста жүреді. Осы тұрғыдан алғанда әдіснама педагогикалық үрдісте ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің үрдісі ретінде де түсіндіріледі. Кез келген зерттеу жұмысының педагогикалық, теориялық негіздері оның әдіснамалық деңгейімен айқындалады. Біз осы мақаламызда зерттеу нысанына алып жан-жақты қарастырған негізгі мәселе Ғ. Мүсіреповтің шығармаларын оқытудың әдіснамалық негіздері болғандықтан, оны педагогиканың дидактикалық жүйесінде

және әдебиеттанымдық көзқараста талдаумен қатар, философиялық, психологиялық негіздерін айқындау арқылы да зерделедік.

Қорыта айтқанда, классик жазушы Ғ. Мүсіреповтің шығармаларын бүгінгі заманға сай интерпретациялап оқыту үшін оның шығармаларын оқытудың әдіснамалық деңгейін айқындап, жан-жақты саралап алудың маңызы айрықша. Мұндай жұмыстардың қорытынды нәтижелері жазушының шығармаларын жаңаша көзқараста зерттеп-зерделеу мен оқытудың озық әдістемелік жүйесін жаңғыртуға да тікелей ықпал ететіндігі анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Халитова, І. Әлеуметтік педагогика [Мәтін]: оқу құралы / І. Халитова. – Алматы: Білім, 2017. – 200 б.
2. Жұмақаева, Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі [Мәтін]: оқу құралы / Б.Д. Жұмақаева. – Алматы: Қыздар университеті, 2015. – 242 б.
3. Құлыбекова, Ж.С. Ғабиттану [Мәтін]: оқу құралы / Ж.С. Құлыбекова. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2008. – 86 б.
4. Құлыбекова, Ж.С. Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Жат қолында» романдары: аударылуы, әдеби сында бағалануы [Мәтін]: заң ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. – Астана, 2004. – 32 б.
5. Мүсірепов, Ғ. Таңдамалы. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.2. Оянған өлке [Мәтін] / Ғ. Мүсірепов. – Алматы: Жазушы, 1980. – 592 б.
6. Обаева, Г. Ғабит Мүсіреповтің әдебиетке келу жолы [Мәтін] / Г. Обаева // Ақиқат. – 2012. – №6. – Б.111-113.
7. Мүсірепов, Ғ. Заман және әдебиет [Мәтін]: оқулық / Ғ. Мүсірепов. – Алматы: Жазушы, 1992. – 349 б.
8. Кушев, А. Карагандинский угольный бассейн [Текст]: учебное пособие / А. Кушев. – М, 2011. – 140 с.
9. Токмырзаұлы, Қ. «Жат қолында» романы қалай редакцияланды [Мәтін] / Қ. Токмырзаұлы // Алтын Орда. – 2012. – №2. – Б.18-19.
10. Сатиева, Ш. Даму психологиясы [Мәтін]: оқу құралы / Ш. Сатиева. – Астана: Фолиант, 2012. – 245 б.
11. Тұрғынбаева, Б.А. Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері [Мәтін]: монография / Б.А. Тұрғынбаева. – Тараз: Сенім, 2012. – 156 б.

Материал редакцияға 22.11.21 түсті.

Е.Б. Абдимомынов

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

НАУЧНО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОБУЧЕНИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Г. МУСРЕПОВА

Аннотация. В статье рассматриваются научно-методологические основы обучения произведений классика казахской литературы Г. Мусрепова на основе принципов философии образования, психологии и педагогики с изучением лучших произведений автора, таких как роман-диалогия «Солдат из Казахстана», «Пробужденный край», «В чужих руках». В современной казахской литературе сущность и значение обучения произведений Г. Мусрепова анализируются с новой точки зрения, формулируются методами обобщения, сравнения, анализа, определения методологических позиций. Изложенные в статье идеи и мнения, представленные выводы, выявленные педагогические подходы позволяют повысить значимость обучения произведений Г. Мусрепова в современной интерпретации. Основные выводы и результаты, представленные в статье, имеют большую практическую ценность в преподавании творчества Г. Мусрепова в высших учебных

заведениях и использовании его во всех предметах литературно-методического образования. Поэтому значимость преподавания прозаических произведений Г. Мусрепова по-новому определяется научно-методологическими основами преподавания произведений автора, тщательно взвешенными в теоретическом и методологическом плане.

Ключевые слова: Г. Мусрепов, произведения, обучение, методология, философия образования, роман.

Y.B. Abdimomynov

M.Kh.DulatyTaraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL BASIS OF TRAINING OF G. MUSREPOV'S WORKS

Abstract. The article examines the scientific and methodological foundations of teaching the works of the classic of Kazakh literature G. Musrepov on the basis of the principles of philosophy of education, psychology and pedagogy with the study of the author's best works, such as the novel-dilogy "Kazakh soldier", "Waking up the land", "Someone else's hand". In modern Kazakh literature, the essence and importance of teaching the works of G. Musrepov are analyzed from a new point of view, formulated by methods of generalization, comparison, analysis, determination of methodological positions. The ideas and opinions presented in the article, the presented conclusions, the revealed pedagogical approaches allow to increase the importance of teaching the works of G. Musrepov in a modern interpretation. The main conclusions and results presented in the article are of great practical value in teaching the creativity of G. Musrepov in higher educational institutions and using it in all subjects of literary and methodological education. Therefore, the importance of teaching prose works by G. Musrepov is determined in a new way by the scientific and methodological foundations of teaching the works of the author, carefully weighed in theoretical and methodological terms.

Keywords: G. Musrepov, works, teaching, methodology, philosophy of education, novel.

References

1. Halitova I. Әлеуметтік педагогика [Social pedagogy]. Textbook. - Almaty. Education, 2017. - 200 p. [in Kazakh].
2. Zhumakayeva B.D. Qazaq әдебиетін оқыту әдістемесі [Methods of teaching Kazakh literature]. Textbook. - Almaty: Women's University, 2015. - 242 p. [in Kazakh].
3. Kulibekova Zh.S. Gabittanu [Gabitology]. Textbook. - Petropavlovsk: M. NKSU named after Kozybayev, 2008. - 86 p. [in Kazakh].
4. Kulibekova Zh.S. G. F. Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Зат қолыңда» романдары: аударылуы, әдеби сында бағалануы [Musrepov's novels "The Awakened Land", "In Your Hands"; Translation, evaluation in literary criticism]. Abstracts of diss. Cand. of jurisprudence Sc. - Astana: 2004. - 32 p. [in Kazakh].
5. Musrepov G. Таңдамалы. Ysh tomдық шығармалар жинағы. Т.2. Оянған өлке [Optional. A three-volume collection of works. T.2. Awakened edge]. - Almaty: Writer, 1980. - 592 p. [in Kazakh].
6. Obaeva G. Gabit Мүсіреповтің әдебиетке келу жолы [Gabit Musrepov's way to the literature] // Ақиқат [Truth], 2012, No.6, PP.111-113. [in Kazakh].
7. Musrepov G. Zaman zhәне әдебиет [Time and literature]. Textbook. - Almaty: Writer, 1992. - 349 p. [in Kazakh].
8. Kushev A. Karagandinskij ugol'nyj bassejn [Karaganda coal basin]. Trainings. - Moscow, 2011. - 140 p. [in Russian].

9. Tokmyrzaevich K. Zhat қолында» romany қалай redakcijalandy [How the novel "In the hands of strangers" was edited] // AltynOrda, 2012, March 22, -PP.18-19. [in Kazakh].
10. Satieva Sh. Damu psihologijasy [Developmental psychology]. Textbook. - Astana: Foliant, 2012. - 245 p. [in Kazakh].
11. Turgunbayeva B.A. Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері [Methodology and methods of scientific research]. Monograph. - Taraz, Senim, 2012. - 156 p. [in Kazakh].